

1. Религиозная вера не является приоритетной потребностью казахстанцев. Актуализация религиозной идентичности являются в большей степени показателем не возрастающей религиозности казахстанцев и истинного их приобщения (или возврата) к вере, а скорее свидетельством повышения роли устойчивых культурно-цивилизационных характеристик в жизни, как отдельного индивида, так и общества в целом.

2. Религиозная принадлежность большинства казахстанцев воспринимается ими скорее как стабильное идентификационное основание, чем приверженность к определенной совокупности догматических постулатов.

3. Процесс модернизации, который разворачивается в Казахстане, связан с активным формированием новых ценностей, предпочтений, моделей поведения и т.д. Он размывает старые представления и нормы, которые определяли большую часть жизни людей старшего и среднего возраста. «Перемены пугают людей» (И.Валлерстайн), особенно перемены стремительные и радикальные. В этих условиях люди ищут солидарное культурное окружение. Люди ищут смысл, душевную и нравственную опору в ценностях базовых, незыблемых, вечных. Такими в их понимании являются религиозные ценности, которые действительно обладают сильным экзистенциальным смыслом.

#### Литература:

1. Уткин А.И. Новый мировой порядок. – М.: Алгоритм, Эксмо, 2006. – 640 с.
2. Мир становится менее религиозным: международный опрос Gallup International/WIN в рамках исследования «Глобальный Барометр Надежды и Отчаяния» [Электронный ресурс]: Режим доступа: // <http://www.sociologos.ru/novosti/>
3. Синелина Ю. Религия в современном мире [Электронный ресурс]: Режим доступа: // <http://expert.ru/expert/2013/01/religiya-v-sovremennom-mire/>
4. Эйдман И. Религия умирает? [Электронный ресурс]: Режим доступа: // <http://www.echo.msk.ru/blog/igeid/983702-echo/>
5. Тоффлер Э. Война и антивоина: Что такое война и как с ней бороться. Как выжить на рассвете XXI века /Элвин Тоффлер, Хейди Тоффлер. – М.: АСТ, Транзиткнига, 2005. – 412 с.
6. Агентство Республики Казахстан по статистике. Итоги национальной переписи населения 2009 года [Электронный ресурс]: Режим доступа: // [http://www.stat.kz/news/Pages/n2\\_12\\_11\\_10.aspx](http://www.stat.kz/news/Pages/n2_12_11_10.aspx)
7. Современный Казахстан: общественное мнение / Отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – 156 с.

## НЕСИЕ ТӘУЕКЕЛДІЛІГІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ НЕСИЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

Артақшинова В.С., аға оқытушы;

Кожабатчина Г.М., аға оқытушы; Курманғалиева Л.А., оқытушы  
Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
Қарағанды қ. Қазақстан Республикасы

Әр елдің және әр банктің несие қатынастарын реттейтін несиелеу жүйесі бар, алайда оларға бірдей моделді қолдану мүмкін емес. Бұл жерде банктердің операция көлемі, ішкі ережелері, қойылатын талаптары болғандықтан, клиенттердің несие қабілеттілігін бірдей шартпен талдау мүмкін емес. Қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау мен бағалау үлкен шеберлікті талап ететін іс, сол себепті банктің қарыз алушының несие қабілеттілігін ұтымды бағалай алатын талдау кешені болғаны дұрыс.

*Негізгі ұғымдар:* несие, тәуекел, несие қабілеттілік, кепіл, тәуекелді басқару, несие портфелінің сапасы

Қазақстандық банктер өз кезегінде өзінің мақсатын орындауға және нақты экономика секторының несиелік ресурстарға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте қаржылық жүйеге бақылауды әлсіретуге болмайды, банктерді мәселелік кредиттерден тазарту және қорландыру мәселелерімен тығыз айналысу қажет [1].

Банк секторын қалпына келтіру үшін Елбасы күрделі несиелер қорына 250 млрд теңге бөлуді тапсырды [2].

Бүгінгі таңда кейбір банктерде тәуекел-менеджмент жүйесі мүлдем қалыптастырылмаған болса, басқаларында – осы функцияның тәуелсіз қызмет етуі қамтамасыз етілмеген, үшіншілерінде – жоғары басшылық тәуекел-менеджерлердің туындаған мәселелері жөніндегі ескертулеріне көңіл

бөлмейді. Банк жүйесінің даму барысында басшылық тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру үшін барлық жағдайды жасады. Ол үшін жоғары басшылықтың саяси еркі қажет.

Несие тәуекелділігі - сыртқы және ішкі орта факторлары әсерінен қарыз алушы тұлғаның банк алдындағы өз міндеттемелерін орындаудан жартылай немесе толықтай айырылу мүмкіндігі. Нақты экономикаға жіберілген қарыздарды икемді басқарудың бірден-бір жолы – тәуекелдерді дұрыс басқару болып табылады. Қарыз алушыларды несиелеу кезінде туындайтын төлем қабілетсіздікті, жалпы тәуекелділікті төмендету үшін бірнеше факторларды ескерген жөн:

- несиелер ұсыну, банктің бағалы қағаздар портфелін қалыптастыру бойынша саясатқа жиі өзгертулер мен толықтырулардың жасалуын;
- жаңа және жақында тартылған клиенттердің үлес салмағын;
- экономикадағы өзгерістерге сезімтал қандай да бір салаға банктің несиелік қызметінің араласу деңгейін;
- қиындықты айтарлықтай сезінетін клиенттерге тиесілі болатын несиелер мен басқа да банктік мәмілелердің үлес салмағын;
- жаңа, дәстүрлі емес, аз зерттелген салаларға банктің араласу деңгейін;
- тез арада нарыққа жаңа қызметтердің неғұрлым мол түрін енгізуін;
- құны тез кететін немесе нашар өтімді кепілдіктің қабылдануын.

Несие тәуекелділігін басқаруға байланысты қиындықтарды тудыратын кемшіліктерге келесілерді жатқызуға болады:

- несиелік саясат туралы жазбаша құжаттың болмауы немесе нашар дайындалуы;
- несиелік портфель шоғырлануына қатысты шектеудің қойылмауы;
- несиелік объектінің жеткіліксіз талдануы;
- қарыз алушыны үстіртін талдау;
- кепілдіктің асыра бағалануы;
- клиентпен байланыстың сиректігі немесе мүлдем болмауы;
- бақылау аралығының ұзаруы немесе тіптен жүргізілмеуі;
- құжаттарға байланысты жеткіліксіз бақылау;
- қарыз қаржыларын шектен тыс қолдану;
- несиелік құжаттар топтамасының толық болмауы немесе қатаң қадағаланбауы;
- несиелік үдерісті тиімді бақылап, уақытында аудиторлық тексеруге ұсынбау.

Несие тәуекелділігі – бұл кредитордың несиелік келісімнің шартында көрсетілген уақытта несие бойынша негізгі қарыз сомасын және ол бойынша есептелген сыйақы сомасын қайтарып ала алмау ықтималдығы.

Бүгінгі таңда, банк жүйесі үшін клиенттің несие қабілеттілігін анықтаудағы тиімді әдістер мен жолдарды дұрыс таба білу өзекті мәселе болып табылады. Дағдарыс жағдайында тәуекелдерді басқарудың бірдей әдістемесін қолдану мүмкін емес. Қазақстанның коммерциялық банктері алдында барлық уақытта қарыз алушының несие қабілетін талдау әдістемесін таңдау мәселесі тұрады. Бұл сұрақтың туындауы біріншіден, несие қабілеттілікке талдау жүргізетін несиелік қызметкерлердің тәжірибесінің аздығы болса, екіншіден, қарыз алушылар туралы ақпараттың жоқтығы. Үшіншіден, несие қабілеттілікті анықтау бойынша Қазақстанда дайындалған әдістемелік нұсқаулар жеткіліксіз. Сондықтан шет елдер дайындаған несие қабілеттілікке қатысты әдістемелік нұсқаларды Қазақстандық жағдайға биімдеу қажет. Қазақстан банктері көп несе, банктің несие тәуекелділігі жүйесін басқаруда өзіндік тәжірибеге сүйенеді. Оның қандай себептерден болғанын, қандай әдістер мен шешімдер орын алғанын қарастырады. Нарықтық экономика және шетелдік стандарттар мен нормативтердің көптеп енгізілуі жағдайында Еуропа мен АҚШ сияқты елдердің миллиондап қаржы жұмсаған зерттеулеріне үлкен мән боөлу керек.

Бүгінгі күнге дейін қазақстандық және шетелдік қадағалау ұйымдарының қарыз алушының несие қабілеттілігін, несие тәуекелділігі мен бағалау әдістемесін қолдануында айтарлықтай ерекшелік болмады. Банкті қадағалау бойынша Базель комитетімен қабылданған жаңа талаптар қалыптасқан тәжірибені түбегейлі өзгертті. Қарыз алушының несие қабілеттілігін бағалау кезінде банктер мен рейтинг агенттіктерінің беретін бағасының маңызы артты. Отандық және шетелдік ғалымдардың, экономистердің еңбектерін зертей отырып, қазіргі несие нарығындағы және әлемдегі болып жатқан өзгерістерге байланысты несие қабілеттілікке төмендегідей анықтама берілді: «Несие қабілеттілік – қарыз алушының банк алдындағы өз міндеттемелері бойынша туындауы мүмкін несие тәуекелділігінің алдын-алу және жою қабілеті». Қарыз алушының несиелік қабілетінің, оның төлем қабілетінен бір айырмашылығы - онда өткен кезеңдегі немесе қандай да бір күндегі төлем қабілетсіздікті есепке алмайды, яғни мұнда алдағы уақыттардағы қарызды өтеу қабілеті болжанады.

Өткен уақыттардағы қарыз алушының төлем қабілетсіздігінің дәрежесі клиенттің несиелік қабілетін бағалау барысында көңіл аударатын ең бір формалды көрсеткіш болып табылады.

Халықаралық банктік тәжірибеде тәуекелдерді басқару үдерісі қаржылық менеджменттің шешуші бағыты деп қарастырылады. Тәуекелдерді басқару (тәуекел-менеджмент) – бұл тәуекелдерді төмендету арқылы табыстардың көлемін арттыруға және шығындардың көлемін азайтуға бағытталған шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру бойынша шаралардың жиынтығы болып табылады. Тәжірибеде тәуекелді басқару кешенді сипаттағы және тәуекелдердің салдарынан болатын қолайсыз нәтижелерді төмендетуге немесе болдырмауға бағытталған аналитикалық, ұйымдастырушылық және қаржылық шаралардың жиынтығы болып табылады. Тәуекелдерді сапалы деңгейде басқару коммерциялық банктің ұзақ мерзімді келешектегі табыстарға қол жеткізу мүмкіндіктерін көтереді. Банк операцияларының басым бөлігі несиелік қызметпен байланысты. Сондықтан да, несие тәуекелділігін басқару банктің қаржылық жағдайын қамтамасыз етудің ең маңызды жолы болып табылады.

Тәуекелді басқару - тәуекелдерді болжауды, олардың мөлшері мен әсерін анықтауды, олардың алдын алу немесе олармен байланысты залалдарды төмендетуге арналған іс-шараларды дайындау мен жүзеге асыруды біріктіретін үрдіс. Осылайша, несиелік үрдіс пен оны жүзеге асырумен байланысты несие тәуекелділігі, коммерциялық банктердің несиелеу жүйесі бағытталған әсер ету объектілері болып табылады. Қалыптасқан банктік тәжірибеде несие операцияларын жүзеге асыру және несие тәуекелділігін басқару бойынша бірнеше әдістер мен тәсілдемелер қолданылады [3].

Несиелеу жүйесі несиелік қатынастарды ұйымдастырудың басты буыны деп айтуға болады. Жалпы несие тәуекелділігін басқаруға екі тұрғыдан келу қажет: нақты қарыз алушының несиелік тәуекелін басқару және несиелік портфельдің тәуекелін басқару тұрғысынан деп есептейміз.

1-кестеде келтірілген деректерге сүйенетін болсақ, несиелеудің жоғары қарқыны 2007 жылдарға дейін сәйкес келеді.

2007 жылы ағымдағы жаһандық дағдарыс Қазақстанның банк жүйесінің құрылымдық мәселелері әсерін күшейтіп, сыртқы көтерме қаржыландырудан қазақстандық банктердің тәуелділігінің жоғары болуымен түйінделген. 2008 жылы бұл көрсеткіш 2007 жылмен салыстырғанда 4,8% артқанын көруге болады, ал 2009 жылғы нәтиже бойынша несиелеу көлемінде айтарлықтай өзгеріс болмағанын көрсетті. 2011 жылдың 1-қантарындағы жағдай бойынша несие портфелі 5,9 % төмендеді, алайда 2014 жылдың 1-қантарында несие портфелі 47,2% жоғарлаған (кейінгі үш жыл ішінде).

Кесте 1 - Банктік сектордағы несие портфелінің көлемі және өсімі, 2008-2014 жж.

	01.01.2008	01.01.2009	01.01.2010	01.01.2011	01.01.2012	01.01.2013	01.01.2014
Активтер, млрд теңге	11 684,6	11 889,6	11 557,3	12 031,5	12 817,9	13 880,0	15 461,7
Несие портфелі, млрд теңге	8 868,3	9 244,5	9 638,9	9 065,9	10 472,8	11 657,9	13 348,2
Өсім, өткен кезеңге %-бен	48,0	4,2	4,3	-5,9	15,5	11,3	14,5

Бұл ретте, жылжымайтын мүлік пен құрылыс секторларын несиелеу көлемі төмендеді, сондай-ақ өз бизнесіне банк ресурстарының есебінен белгілі бір деңгейдегі тұрақтылық жағдайында демеу көрсетіп отырған шағын кәсіпкерлік субъектілерін де несиелеу біршама азайды. Жылжымайтыне мүлік нарығындағы тұрақсыздық және бағаның өзгеруі, іскерлік белсенділігінің төмендеуімен қатар несиелеу талаптарын қайта қарау арқылы ЕДБ тәуекелдерін қайта бағалау, сондай-ақ халықтың сатып алу қабілеттілігінің кемуі банк секторының тұрақты жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылатын банктердің несиелік портфелінің сапасына кері әсер етті. Қазақстанның банк жүйесіндегі төлем мерзімі өткен (2, 4, 5 санаттағы күмәнді және үмітсіз) несиелердің деңгейі бірыңғай несиелерді есепке алғандағы жиынтық банк активтерінің 10% тең шекті параметрлерінен төмен, бұл ретте әрі қарай өсу үрдісі байқалды, бұл жаһандық өтімділік

тапшылығының және жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаның жағымсыз өзгеруінің нәтижесі болып табылады. Несие банктің негізгі қызмет түрі болып табыс әкелуімен қатар, банк үшін тәуекелі де жоғары екені белгілі. ЕДБ-ң несие портфелінде мерзімі өткен берешектері күннен-күнге артып отырғанын көруге болады. Коммерциялық банктердің несие тәуекелдерін басқару жөніндегі тәжірибесінің аздығы және несие портфелінің басым бөлігінің доллармен толығы, трансшекаралық несиелер мен бағалар тұрақтамауы несие портфеліндегі мерзімі өткен берешектердің өсуін арттырды.

Жылдан-жылға артып келе жатқан ЕДБ несиелері бойынша берешек сомалардың артуы көптеген ішкі және сыртқы факторларға байланысты, бүгінгі күні оның бастылары болып Әлемдік экономиканың бұдан әрі бәсеңдеуі, ірі экономикалық державалардың рецессиясы және әлемдік қаржы институттарының тұрақсыздығы жағдайларында тек қана қаржылық емес, сонымен қатар тауар нарықтарының да қолайсыз конъюнктурасы Қазақстанда экономикалық өсудің бұдан әрі бәсеңдеу тәуекелділігінің күшеюіне және төлем балансын қаржыландырудың тапшылығына әкелуде, бұл елдің ішкі ресурстарымен қатар халықаралық резервтеріне де әлеуетті жүктемені ұлғайтуда.

Кесте 2 – Қазақстан Республикасының ЕДБ несие портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы / күні	01.01.2013	Үлесі,%	01.01.2014	Үлесі,%	Өсімі	
					млрд.тг	%
Банктік қарыздар, оның ішінде:	11657,9	100,0	13348,2	100,0	1690,3	14,5
Негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ қарыздар	7796,6	66,9	8745,9	65,5	949,3	12,2
1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	211	1,8	209,9	1,6	-1,1	-0,5
31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	128,7	1,1	91,5	0,7	-37,2	-28,9
61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	48,4	0,4	142,7	1,1	94,3	194,8
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	3473,2	29,8	4158,2	31,2	685	19,7
ХҚЕС бойынша провизиялар	3715,2		4643,9		928,7	25,0
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздарды ХҚЕС бойынша провизиялармен жабу коэффициенті	107,0		111,7			

Кестедегі мәліметтер бойынша, негізгі борыш және есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ қарыздар сомасы 12,2 пайызға жоғарылаған. Сонда 31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 0,5 пайызға, 61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 28,9 пайызға төмендеген. Алайда 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың 19,7 пайызға жоғарылағандығы теріс нәтиже береді.

Несие жүйесіндегі тәуекелдерді басқарудың теориялық және тәжірибелік маңыздылығының ЕДБ үшін ғана емес, банк қызметін пайдаланушылар үшін де мәні зор. ЕДБ мен қатар пайдаланушылар үшін де несие жүйесіндегі тәуекелдерді басқару екі субъект арасындағы сенімсіздіктің жойылуына, төлемсіздік, несие қабілетсіздік сияқты факторлардың алдын алуға мүмкіндік береді. Несие портфеліне жасалған талдау оның сапасының нашарлауына баға өзгерістерінің жайсыздығын, кәсіпорындардың күйзелісін, тұрғындардың әлеуметтік факторларын алға тартады.

Несие тәуекелділігін туындататын факторлардың бірі пайыз мөлшерлемелеріндегі өзгерістер немесе дұрыс есептелмеген пайыз мөлшерлемесі. Банктер өз қызметі барысында барлық уақытта

пайыз мөлшерлемелерін тұрақтандыра алмайды, себебі оған көптеген ішкі факторлармен қатар сыртқы факторлардың да әсері бар. Атаулы жағдайларда ғана банктер, мысалы несие портфелін теңдестіріп қаржыландыру саясатын жүргізулері мүмкін.

Пайыз мөлшерлемесінің деңгейі несиелер мен инвестициялардың деңгейіне, меншікті қаражаттар мен қарызға алынған қаражаттардың арақатынасына, депозиттік салымдардың көлемі мен бағасындағы өзгерістерге, қайтақаржыландыру, есептік т.с.с. пайыздар өзгерісіне тәуелді болады, өйткені, еркін пайыздық мөлшерлеме режимінде де ақша-несие мекемелері пайыздық мөлшерлеменің қолайлы деңгейде сақталуын бақылауға тиіс. Кез келген жағдайда банктің пайыздық мөлшерлемелер тәуекелінің бөлігін клиентке аудару мүмкіндігі болады. Алайда, осындай саясаттың орындылығын анықтағанда екі ой-пікірді басшылыққа алу қажет.

Біріншісі – қазақстандық нарықтағы бәсекенің қарқынына қатысты. Егер клиентке банкті ауыстыру қиынға түссе, онда пайыздық мөлшерлемелердің түсуін күткенде несиелер бойынша межеленген пайыздық мөлшерлеме белгіленеді, ал пайыздық мөлшерлеменің өсуі күтілгенде – мерзімді салымдар мен депозиттер бойынша тіркелген пайыздық мөлшерлеме белгіленеді.

Екіншісі – пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінің көбірек бөлігін қарыз алушыға аудара отырып, банк оның төлеуге қабілетсіз етуі және осының салдарынан анағұрлым көп жоғалтуы да мүмкін. Өнеркәсіптік және сауда кәсіпорындарымен салыстырғанда банк мекемелерінің осы тәуекел түрін басқару мүмкіндіктері көбірек.

Бүгінгі таңда Қазақстан шикізат отаны болып санала отырып, оны өндіруге қаржыны шетелдік инвестиция көздерінен алып отыр, ол ертеңгі күні бірнеше есе артық қаржы төлеу арқылы дайын өнім алу мүмкіндігіне ие боламыз. Осы тұрғыда несиелік ресурстардың басым бөлігін өндіріс орындарын ашуға жұмсақ, еліміздің қаржыларын молайтуға, арзан ресурс пен қатар арзан өнімге, әлеуметтік тұрғыда жұмыспен қамтуға қол жеткізер едік, ал бұл дегеніміз ертеңгі күні заңды және жеке тұлғалардың несие қабілеттілігін арттыруға септігін тигізері сөзсіз.

Тәуекелдерді басқару қолайсыз факторлардың алдында банктің қаржылық әлсіз тұсын ескертуді қамтамасыз етуі тиіс. Қазақстанның келешектегі тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мәселесінде Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі аудит тәжірибесінен алыс кетуді және көрсетілген жүйе банктерінің өзін-өзі бағалау механизмін енгізуде. Банктердің өзін-өзі бағалауы ҚҚА – ға тәуекелдерді басқару жүйелеріндегі кемшіліктерді барынша жедел бағалауына және жалпы алғанда алғашқы сатыларда-ақ қосымша тәуекелдерге қамтылуын анықтауға мүмкіндік береді. Банктік тәуекелдер жүйесінде несие тәуекелділігі маңызды орын алады, ол қарыз алушының банк алдындағы міндеттемелерін орындамауы немесе орындағысы келмеуімен тығыз байланысты. Осы ретте кредитор несие ұсына отырып немесе қарыз міндеттемелерді сатып ала отырып тәуекелділікке ұшырайды, бұл тәуекелділік негізгі қарыз және ол бойынша сыйақылардың уақытында өтелмеуі, не болмаса жартылай немесе толықтай төленбеуі болып саналады.

Несие тәуекелділігін басқару жүйесі бірнеше элементтерден тұрады және стратегиялық басқару, яғни банктің стратегиялық жоспарының, оның несие саясатының және несие тәуекелін бақылау мақсатында ұйымдастыру бөлімшелері жұмысының деңгейінде жүзеге асырылатын нақты іс-шаралар арқылы атқарылады. Несие тәуекелі несиенің «ерекше назар аудару» тізімін жасау арқылы басқарылады.

Банктің қарыз алушысының несие қабілеттілігін бағалау әдістерін жетілдіру бойынша жалпы ұсынымдар мен қолданылып жүрген әдістемелер келесі негізгі процедуралардың орындалуын ұсынады: қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау; қарыз алушыға несиелік рейтинг бекіту және банктің меншікті несиелеу лимитін белгілеу. Қарыз алушының несие қабілеттілігі сұрағы жеткілікті зерттелген мәселеге жатпайды. Бүгінгі күннің несиелік мекемелері үшін де «несие қабілеттілік» сұрағы өзекті болып отыр. Қарыз алушының несие қабілеттілігі түсінігін екі көзқарас тұрғысынан қарастыруға болады қарыз алушы тұрғысынан – несиелік мәмілені аяқтау және алған қарызды өтеу мүмкіндігі; кредитор тұрғысынан – ұсынылатын несиенің мөлшерін дұрыс анықтау және осы несиеге қатысты тәуекелдің алдын алу.

Несие қабілеттілікті анықтауда несие қағидаларының барлығы қатыстырылады және құрылыммен өткізілетін үдеріс болғандықтан жүйелілік қағидатын да алғышартқа қою қажет. Жүйелілік кешенді экономикалық талдауға қатысатын жүйелер мен жүйешелердің өзара байланысын, ол байланыс болмай жағымды нәтиже болмайтынын көрсетеді. Жүйедегі әрбір элемент аналитикалық көрсеткіштерден тұрады, жүйе элементтері арасында өзара логикалық байланыс қалыптасады.

Қарыз алушының несие қабілеттілігін анықтау барысында банк бірінші кезекте мына факторларға аса назар аударады: несиелік мәміле жасауға қарыз алушының жеке бас қабілеті, рухани

сипаты және іскерлік беделі; құқылық қабілеті; өтімді және құнды қамту нысандарының болуы; тұрақты табыс көзінің болуы. Сонымен, несие қабілеттілік – қарыз алушының банк алдындағы өз міндеттемелері бойынша туындауы мүмкін несие тәуекелділігінің алдын-алу және жою қабілеті.

Қарыз алушының несие қабілеттілігін бағалаудың көптеген әдістері мен тәсілдерін оқып зерттей отырып, оның басымдылықтары мен қатар өзіндік жетіспеушіліктері мен кемшіліктері бар екендігі анықталды. Банктің несие тәуекелділігін басқару жүйесіндегі қарыз алушының несие қабілеттілігіне қатысты тәуекелдерді төмендету үшін келесілерді жүзеге асыру қажет:

- коэффициенттерді есептеу үшін өткен кезең есеп берулері қабылданады, болашақ болжамы көп ретте ескерілуі тиіс,
- төлем қабілеттілік сандарға қарап емес, нақты бизнестің өтімділігіне, өндірілген тауар, өнімдерге байланысты сұранысқа қатысты есептелуі қажет;
- қарыз алушыны тану үшін, болған төлем қабілетсіздік жағдайларына (төленбеген, мерзімінде өтелмеген, кешіктірілген төлемдеріне) баса назар аудару қажет;
- сандық және сандық емес мәліметтерді жинай отырып, қарыз алушының қабілетіне көз жеткізу мүмкін емес, сондықтан орнталықтандырылған несиелік тарихты қалыптастыру мәселесін шешу қажет;
- бас банктің қайта қаржыландыру сияқты мөлшерлемелерінің өзгеруін клиент үшін де тиімділікпен қарастыру, банк үшін де тиімді болып саналады;
- шетелдің экономикалық, географиялық, әлеуметтік, саяси т.б. ерекшеліктерін ескере отырып құрылған зерттеулері барлық уақытта біз үшін тиімді емес, сондықтан қарыз алушыны несиелеудің тиімді жолдарының бірі ретінде, исламдық қаржыландыруды кеңірек қолдану қажет.

Банктің несие тәуекелділігін басқару жүйесіндегі қарыз қабілеттілікті анықтауға және несиелеуге байланысты тәуекелдерді басқаруға несие тәуекелдерін құқықтық реттеу және несие тәуекелдерін төмендету әдістері мен тәсілдерін кешенді қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 г. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее»
2. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана от 11 ноября 2014 г. «Нұрлы жол – путь в будущее»
3. Хамитов, Н. Н. Қазіргі кезеңдегі кредиттік іс: оқу құралы / Н. Н. Хамитов. - Алматы : Экономика, 2009. - 319 б. - ISBN 978-601-225-073-200

## ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ СЕГМЕНТИРОВАНИЯ И ИХ ПРИМЕНЕНИЕ В БАНКОВСКОМ СЕКТОРЕ

Базарова С.К., к.э.н., профессор;  
Салауатова Д.М., м.н., ст. преподаватель  
Карагандинский государственный университет им. академика Е.А. Букетова  
г. Караганда, Республика Казахстан

Сегментирование рынка уже давно стало одним из главных элементов ведения маркетинговой политики компании, причем независимо от сферы и масштабов ее деятельности. Его правильное и своевременно проведенное – это один из наиболее важных факторов, который влияет на успешность развития бизнеса.

*Ключевые слова:* банк, банковский продукт, сегмент, целевой рынок, сегментирование, принципы сегментации.

Сегмент - группа покупателей, обладающая похожими потребностями, желаниями и возможностями. Разделение рынка на различные сегменты и их последующее изучение позволяет сконцентрировать внимание на наиболее перспективных, с точки зрения прибыльности, сегментах (то есть на целевых сегментах) [1].

Целевой рынок – это потенциальный рынок банка, который определяется совокупностью людей со схожими потребностями в отношении конкретного продукта или услуги, достаточными ресурсами, а также готовностью и возможностью покупать. Он проводится в целях сосредоточения усилий на удовлетворении потребностей только целевых групп клиентов. Такой отбор позволяет банку не расплываться, обслуживая весь рынок, все категории клиентуры.